

Биылғы жылы жерлесіміз Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Сағындық Қанат Амантайұлы үшін жемісті жыл болды. Қанаттың 1 жылдың ішінде ғана жеткен жетістігінің өзі кімді де болсын таңғалдырары анық. Оқырманға түсінікті болуы үшін айта кетелік, Қанат бауырымыз ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап, бүгінгі күнге дейін 90 келі салмақта ардагерлер арасында қасиетті Түркістан жерінде самбо, Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында дзюдо күресінен, Талдықорған қаласында өткен қазақша күрестен республикалық, Павлодар облысына қарасты Ақсу қаласында өткен дзюдо күресінен халықаралық турнирлерде кілең бірінші орынды иеленіп, баршамызды бір куантса, жақында Марокко мемлекетінің Марракеш



дайындаған акжүрек азамат Қаражал қаласының тумасы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тәжікеев Дүйсен ағама зор алғысымды білдіргім келеді. Себебі, дзюдо күресінде осы ағамның әдіс-тәсілдерін қолдандым. Менің жеңіске жетуіме үлкен септігін тигізді. Мұнда мен бес кездесу өткіздім. Нақтырақ айтсам, біріншісі бразилиялық, екіншісі италияндық, үшіншісі франциялық әлем чемпионы, төртінші қарсыласым да франциялық болды. Бұл төрт бал-уанды финалға дейін таза жеңіп, бесінші белдесуде ресейлік балуанға өз қателігімнің кесірінен ұпайымды жіберіп алдым.

- Осылардың ішінде қай қарсыласың қиынға соқты, ресейлік болар?

- Жок, ең қиыны екі франциялық қарсыластырым болды. Ал, ресейліктен жеңілуім жаңа ғана айтқанымдай абайсыз жасаған қателігім.

- Енді өзің қатысқан Кипр елінде өткен чемпионат жайында айтсаң.

- Екінші әлем чемпионаты Кипр елінде Лимассол қаласында самбо күресінен өтті. Бұл жерде үш белдесу өткіздім. Бірінші ресейлік, екінші өзбекстандық, финалда мұнда да ресейлік балуанмен күрестім. Негізгі жеңістің ауылы жақын еді, ұтып келе жатқан болатынымн 35 секунд қалғанда 3:5 есебімен есе жіберіп алдым.

- Ештеңе етпес, алда талай күрестер әлі де бола жатар, ендігі алға қойған мақсатың қандай?

- 2021 жылы әлем бойынша ардагерлер арасында Олимпиада өтпекші. Рейтинг бойынша тізімде бармын. Лицензия жинауым керек. Жалпы екі мақсатым бар. Біріншісі «Күміс колда, алтын жолда» дегендей, осы олимпиадаға қатысып, жеңімпаз атану, екіншісі жасырын болсын, кейін бір айтармын.

- Көпшілік қауымның көкейінде «осы жігіт осыған дейін қайда жүрді екен?» деген сұрақтың жүргенін естіп, байқап жүрміз?

БАСШЫ, БАЛУАН ҮӘМ ЧЕМПИОН

қаласында өткен ардагерлер арасындағы әлем чемпионатында дзюдо күресінен күміс жүлдені қанжығасына байлап қайтты.

Ауданымыздың абыройын асырып, мерейімізді көтерген білекті балуанымыз осы жеңісті жол арасына бір апта салып Кипр мемлекетінің Лимассол қаласында өткен самбо күресінен ардагерлер арасындағы әлем чемпионатында тағы да топ жарып, күміс медальға қол жеткізіп мейманамызды одан әрмен тасытты. Осыған орай, жастарымызға үлкен үлгі көрсетіп, үлкендерімізге спортпен айналысудың қай уақытта болмасын кеш емес екендігіне үкілі үміт беріп жүрген Қанатты жеңісімен құттықтап, жұмыс орнына барып, сұхбаттасқан едік.

- Қанат, айналасы екі аптаның ішінде «үйірімен

үш тоғыз дегендей» қабаттаса жетіп жатқан қос жеңісін құтты болсын!

Осынша аз ғана уақыттың ішінде екі бірдей әлемдік додаға қатысу қиын болмады ма? Қандай әсер алдың, осы чемпионаттар жайлы бөлісе отырсаң?

- Ракмет! Иә, әрине қысқа уақытта демалыссыз қос жарысқа қатысу мен үшін оңай болған жоқ. Әйтсе де, қалай болса да дайындықты үзбедім. Қос медаль соның дәлелі. Екі жарыстан да алған әсерім керемет. Оны айтып жеткізу мүмкін емес. Чемпионаттарға келсек, мен бірінші Марокка мемлекетінде ардагерлер арасында дзюдо күресінен өткен өлем чемпионатына алғаш рет қатыстым. Айта кеткенім жөн, осы жарысқа 12 күн бойы бар әдіс-тәсілін үйретіп, шын ынта пейілімен мені

- Менің күреске келуім 17 жасымнан басталды. Кеншоқы ауылындағы орта мектепті бітіріп, Астана қаласына оқуға түстім. Бұған дейін мектепте күреспен айналыспағанмын. Оқуға түскен 1 жылдың ішінде Ақтау қаласында жастар арасында қазақша күрестен өткен республикалық біріншілікте чемпион атанып, қазақ күресінен спорт шебері атануым мені ынталандырып, үлкен әсер етті деп ойлаймын. Содан бері әр түрлі жарыстарда, астарда күресіп келемін. Күресе жүріп, қызмет жасап келемін.

Осы орайда сіздердің газет арқылы осы жарыстарға барып қатысуыма демеушілік көрсеткен аудан әкіміне және орынбасарларына, жолыма мүмкіндігінше қаржылай көмектескен мекеме басшыларына, өзімнің жақын достарым мен әріптестеріме айтар алғысым зор. Және ауданымыздың сыйлы азаматы, жанашыр ағам, аудандағы көсіпорындар арқылы жарысқа қатысуыма демеуші азаматтарды ұйымдастыра білген ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Аян Қапасұлына өз алдына жүрекжарды ризашылығымды ерекше білдіргім келеді.

Сұхбаттасқаныңа рақмет, жеңісті күндерің көбейе берсін!

Жалпы сұхбат барысында Қанаттың сөзі мен ісінен күресу, жетістікке қол жеткізу ешуақытта кеш еместігін ай-қын аңғардық. Бойынан әлі күнге жалын атып, жастарымыздың бой түзейтін аға толқынына айналған балуан бауырымның нағыз қазақ жігітіне төн ашық пейілі, томаға сабырлы мінезі, өрелі ойы көңіліме қуаныш сезімін ұялатып, әр бозбола Қанаттан үлгі алып, Қанатқа ұқсауы керек деген ойға қалдырды. Ер жеңісі - ел мерейі. Берісі аудан, әрісі өңіріміз бен республикамыздың атын шығарып, көк туымызды сырт елдерде көкке желбіретіп жүрген Қанаттың алар биігі әлі де алда деп білеміз және аларына сенеміз!

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.